

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы

«Менің Отаным- Қазақстан»

(Кеңейтілген іс-әрекет)

Тобы: «Талантты бөбек» ортаңғы

Тәрбиеші: Бекетова С.Қ

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Менің Отаным- Қазақстан!»

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Ойын түрінде

Кіріктірілді: Сөйлеуді дамыту, сурет, құрастыру

Міндеті: Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Барысы:

Балалар топқа күй әуенімен кіреді, шеңбер жасап тұрады.

Амандасу рәсімі:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Баршаңызды құрметтеп

Бас иеміз біз.

ҚР-ның гимнін айту



Құрметті балалар. Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болдық. Бүлдіршіндеріміз тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатыр. Өмірлерің мәнді де, сәнді болсын, аспанымызды бұлт шалмасын деген игі тілекпен Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Менің Отаным -Қазақстан» атты ойын іс-әрекетімізді бастаймыз. Балалар, иә бүгінде егемен ел болдық. Ежелгі қазақ жерінде Тәуелсіз жас Қазақстан Мемлекеті көк туын желбіретіп, өзінің тарихи таңдауын жасады. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің тұңғыш президенті болып тағайындалды. Азаттық, Теңдік, Тәуелсіздік – осы үш ұғымның салтанат құруы жолында қаншама қиындықтарды бастан кешті.

Тәуелсіздік алдық дегеніміз – өзіміздің жеріміз, еліміз, теңдігіміз, Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз, төл теңгеміз бар. Осындай Тәуелсіз еліміздің болашағы біздің балаларымыздың бүгінгі мерекеге арналған тақпақтары бар екен.



Ойын.Түрлі –түсті асықтарды лақтыру арқылы ,жасырылған суреттердің атын атап шығу.



Сұрақтар:

1. Біз қай Республикада тұрамыз? Қазақстан.
 2. Республикамыздың астанасы қай қала? Астана
 3. Аспанның түсі қандай? Көк
 4. Күннің ше? Сары
 5. Президентіміз кім? Қасым-Жомарт Тоқаев
 6. Кім Отан туралы тақпақтар біледі?
- (Балалар өздері білетін Отан туралы тақпақтарын айтады).

«Отан» тақпағын оқып, түсіндіру.

Отан - деген атамекен,

Отан - деген туған жер.

Отан - ана

Отан - пана

Қазақстан туған ел.

Біздің туып өскен жеріміз, ауылымыз, тарихымыз, тіліміз, анамыз бір ғана сөзбен айтқанда егеменді Қазақстан Республикасы - Отанымыз. Ал енді барлығымыз топқа бөлініп, ойын ойнайық.

1 ойын: «Көлеңкесін тап»

Шарты: ҚР-ның көрікті жерлерінің, рәміздерінің көлеңкесін тауып орналастыру.



2 ойын: «Өз орнына орналастыр»

Шарты: дайын материалдан тудың бейнесін дұрыс орналастырып, жапсырып шығу.



3 ойын: «Біз зерттеушіміз»



Шарты:

Суға көк түсті бояуды тамызу арқылы тудың түсін шығару.

4 ойын: «Кім жылдам»

Шарты: дайын материалдан тудың бейнесін дұрыс орналастырыу.



5 ойын: «Кубикті құрастырып ,сурет шығару»

Кубикті құрастырып тудың,елтаңбаның суреттерін шығару.



Үрлемелі тыныс алу жаттығуы арқылы, тудың ішіндегі қыран құсымызды ұшырамыз.



(Балалар өлең жолдарына байланысты қимылдар жасайды).

Балалар, сендерде Отан - ананың балаларысыңдар. Сондықтан, Отанды құрметтеп, қорғау міндетіміз. Отанды қорғау үшін денсаулығымыз мықты, жігерлі болу керек.

Мынадай әдемі жерімізді сүюіміз керек. Сендер осы жердің, Отанымыздың гүлдерісіңдер, сондықтан «Гүлге қону» ойынын ойнайық. Ойынның шарты: музыка әуенімен гүлді айналып, билеп жүреді. Музыка тоқтаған кезде 1 гүлдің үстіне 2 баладан қону керек.

Балаларға ойын іс-әрекетке жақсы қатысқандары үшін тәттілер тарату.

